

Сәулеш Меңліқожаева

Білім беру саласында үлкен жетістіктерге жетіп, сала дамуына үлес қосып жүрген педагогтардың бірі – Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Физика және математика» кафедрасының қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, педагогика ғылымдарының кандидаты Меңліқожаева Сәулеш Қойлыбайқызы.

Сәулеш Қойлыбайқызы 30 жылдан астам уақыттан бері университетте еңбек етіп келеді. Оқытушылықпен қатар әр жылдары факультет деканының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, аға тәлімгер қызметтерін абыроймен атқарып, жастар тәрбиесіне де елеулі үлес қосты.

Педагог – математиканы оқыту әдістемесі және білім беру мәселелеріне арналған 100-ге жуық баяндама мен мақаланың авторы. Бүгінде ғалымның еңбегін білім алушылар мен мектеп мұғалімдері оқу үрдісінде қолдануда. Сондай-ақ, кафедра профессорларымен авторлық бірлестікте «Scopus» базасындағы журналдарда мақалалары жарық көрген. Ғалым 12 педагогикалық ғылымдар магистрін дайындады.

Республикалық пәндік олимпиадада жетекшілік жасаған студенттері Айгүл Жанәбілова мен Нұрбол Уақбаев жүлделі орындар иеленсе, Ботакөз Бегайдар А.Жұмаділдаев атындағы жүлдені жеңіп алды. Ал, Ақниет Сапа республикалық ғылыми жұмыстар конкурсында, Ахатай Ағжан «Қазақстанның үздік магистранты» республикалық байқауында жеңімпаз атанды.

Сәулеш Қойлыбайқызынан білім алған шәкірттер әр түрлі салаларда табысты еңбек етуде. Айталық, Мұрат Әйтімов – ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиал директоры, Ақзира Қасымова – білім басқармасының басшысы, Мерует Абдуллаева мен Ғалия Күдебаева – Назарбаев зияткерлік мектебі математика пәнінің мұғалімдері, Нұрхан Абтикалықов – облыстық білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің меңгерушісі, Айжан Сүйінбаева – Қармақшы ауданындағы №111 орта мектеп директоры, Гүлжамал Ахметова – №185 орта мектеп директоры, Ғани Сардарбеков – №11 мектеп-лицейнің директоры. Еліміздің әр аумағында көптеген шәкірті білім саласында абыройлы қызмет атқаруда.